



**БҰЙРЫҚ**

31.01.2024

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

18

город Астана

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша  
5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық  
олимпиаданың аудандық кезеңін өткізу туралы**

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2024 жылдың 31 қаңтарындағы №68/15-11-04 хаты және Астана қаласы Білім басқармасының 2023 жылғы қараша айының 24-дегі №164 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының Интеллектуалдық іс-шараларды ұйымдастыру және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ш.Қалқабаева 2024 жылдың 1-2 ақпан күндері жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңін (бұдан әрі - Олимпиада) №80 мектеп-гимназиясының және №95 мектеп-лицейінің базаларында өткізуді ұйымдастырсын.

2. Олимпиаданың қазылар алқасы құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» орталығының директоры Ж.Бейсенбаева қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2023 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Х.Абишеваға жүктелсін.

Директор

Ж. Бейсенбаева